ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫМЕН
(қысқаша**)**

2024 жылғы 29 шілде іс № 5501-24-00-2/1999 Павлодар қаласы

Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А. Т. Ищанов оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарап:

ТАЛАПКЕР:
Павлодар облысы Денсаулық сақтау басқармасының, Павлодар облысы әкімдігінің "Г. Сұлтанов атындағы Павлодар облыстық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Әмірәсілұлы Ұзақбай Бақберген жеке кәсіпкері

ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлееттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІМІ:

АПК-нің 109, 223-226, 267-2-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Павлодар ауданының поликлиникасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының Бақберген Әмірәсілұлы Ұзақбай жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабы қанағаттандырылсын.

Әмірәсілұлы Ұзақбай Бақберген жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы болып танылсын.

Ұзақбай Бақберген Әмірәсілұлы жеке кәсіпкерден мемлекет кірісіне мемлекеттік бажды төлеу бойынша шығыстарды 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы өтініш беруге құқылы. Егер жауапкерге талап арыздың келіп түскені және оны оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізуде қарағаны туралы тиісті түрде хабарланбаған және кері қайтарып алуды, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер етуі мүмкін дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда өтініш беріледі.

Шешімнің күшін жою туралы өтініш осы баптың екінші бөлігінде көзделген талаптарды ескере отырып, осы Кодекстің 21-тарауында белгіленген қағидалар бойынша қаралады.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарты туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **Ищанов А.Т.**

Көшірмесі дұрыс:
Судья **Ищанов А.Т.**

Құжатқа қол қойылған: Ищанов А. Т., 29.07.2024
Заңды күшіне енген күні: 06.09.2024, судья Ищанов А. Т., 09.09.2024
5501-24-3-1/2184